

потребностям. Помимо этого, обычные учебники не являются достаточным информационным ресурсом при дистанционном образовании. Изучаемая дисциплина должна иметь комплект учебных материалов, сочетающий различные средства обучения и представленные на разных носителях.

СПИСОК ЛИТЕРАТУРЫ

[1] Michael Simonson, Sharon Smaldino, Susan Zvacek. Teaching and Learning at a Distance - Information Age Publishing, 2015. -350p.

[2] Т.А.Фугелова. Педагогика высшей школы – Тюмень: ТюмГНГУ, 2014. -136 с.

[3] Oblinger, D. G. Hype, hierarchy, and higher education. – Business Officer, 1999. -250 p.

МРНТИ16.21.49

З.Ж.Бекмамбетова¹, А.Сермуханова²

¹«Тұран» Университеті, педагогика ғылымдарының кандидаты,
«Журналистика және аударма ісі» кафедрасының доценті, Алматы,
Қазақстан

²Қорқыт ата атындағы университетінің
«Шетел тілдері және аударма» кафедрасының 1 курс магистранты,
Қызылорда, Қазақстан

АДАМДАРДЫҢ ТҰРМЫСТЫҚ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚТЫҚ ҚАРЫМ-ҚАТЫНАСЫНДА ҚОЛДАНЫЛАТЫН АҒЫЛШЫН ЖӘНЕ ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ФРАЗЕОЛОГИЗМДЕР

Андатпа. Бұл мақалада адамдардың әртүрлі тұрмыстық және құқықтық қарым қатынаста қолданатын қазақ және ағылшын тілдеріндегі фразеологизмдерге салыстырмалы түрде тоқталған. Екі тілдегі фразеологизмдерді жинақтап, олардың шығу тегі мен қолдану аясына талдау жасалынған.

Кілт сөздер: фразеологизм, идиома, тұрақты тіркестер, қазақ және ағылшын тілі

З.Ж. Бекмамбетова¹, А.Сермуханова²

¹ Университет "Туран", кандидат педагогических наук, доцент
кафедры "Журналистика и переводческое дело", Алматы, Казахстан

² Магистрант 1 курса кафедры «Иностранные языки и перевод»
Университета имени Коркыт ата, Кызылорда, Казахстан

ФРАЗЕОЛОГИЗМЫ НА АНГЛИЙСКОМ И КАЗАХСКОМ ЯЗЫКАХ, ИСПОЛЬЗУЕМЫЕ В БЫТОВЫХ И ПРАВОВЫХ СФЕРАХ

Аннотация. В данной статье речь пойдет о фразеологизмах на казахском и английском языках, используемых людьми в различных бытовых и правовых отношениях. Обобщены фразеологизмы на двух языках, проведен анализ их происхождения и сферы употребления.

Ключевые слова: фразеологизм, идиома, устойчивые обороты, казахский и английский язык

Z.Zh.Bekmambetova¹, A.Sermukhanova²

¹Department of Journalism and Translation, Associate Professor,
Candidate of Pedagogical Sciences, Turan University,
Almaty, Kazakhstan

²Korkyt Ata University, 1st year Master student
of the Department of Foreign Languages and Translation,
Kyzylorda, Kazakhstan

PHRASEOLOGICAL UNITS IN ENGLISH AND KAZAKH USED IN DOMESTIC AND LEGAL SPHERES

Annotation. This article focuses on phraseological units in Kazakh and English, which can be used by people in various domestic and legal relations. Phraseological units in two languages have been generalized, their origin and scope of use have been analyzed.

Key words: phraseological unit, idiom, the Kazakh and Russian languages

Қысқашы. Екі немесе одан да көп сөздерден құралып, бір ғана лексикалық мағына беретін сөздер фразеологизмдер деп аталынады. Фразеологизмдер ауыз және жазба әдебиеттерде көптеп кездеседі. Фразеологизмдер сөз өнерін байыту үшін ақын немесе жазушының ойын әсерлі етіп жеткізу үшін жұмсалады. Белгілі бір халық туралы мәдени құндылықтарды жеткізушіні тіл десек, оның ішінде демек, фразеологизмдер адамдардың, халықтың тарихи қалыптасу, даму кезеңдеріндегі күллі тіршілік тынысын танытушы құралы ретінде саналады. Жалпы «фразеология» термині тіл білімінде екі түрлі мағынада қолданылатыны белгілі. Бірінші мағынасы «белгілі бір тілдегі тұрақты тіркестердің тұтас жиынтығы», екіншісі – «тілдегі тұрақты тіркестерді зерттейтін тіл білімінің саласы» деген мағынада қолданылады. Олар басқа тілдік бірліктерден экспрессивті бейнелілігімен қоса, мағына тұтастығы, тіркес тиянақтылығы, пайдалану тиянақтылығымен басқа тілдік бірліктерден ерекшеленеді [1].

Зерттеу материалдары мен әдістемесі: Фразеологизмдерді бірнеше ғалымдар зерттеген. Солардың бірі орыс лингвисті, академик В.В.Виноградов фразеологизмдерді үш топқа бөледі:

1. Фразеологиялық тұтастық – тіркестің білдіретін ұғымы құрамындағы сөздердің мағыналарымен сәйкес келмейді. Мысалы: үріп ауызға салғандай, қой аузынан шөп алмас.

2. Фразеологиялық бірліктердің білдіретін ұғымы тіркестің құрамындағы сөздермен мағыналық жағынан белгілі бір дәрежеде байланысты бейнелілігі, әсерлілігі жоғары болады. Мысалы: аузына құм құйылу, екі езуі екі құлағына жету.

3. Фразеологиялық тізбектің білдіретін ұғымы құрамындағы сөз мағыналарымен байланысты болғанмен, бейнелілігі төмен болады. Мысалы: кеудесін көтеру, мойнына су кету [2].

Ал қазақ ғалымы Кеңесбаев фразеологизмдерді фраза және идиома деп екі топқа бөледі. Мұндағы идиома дегеніміз Виноградовтың фразеологиялық тұтастық деген пікірімен сәйкес келсе, фраза Виноградовтың фразеологиялық бірлік деген пікіріне сәйкес келеді. Сонымен бірге І.Кеңесбаев мынадай ой тұжырымдайды: фразеологиялық тіркестердің варианттары өте жақын, іштей өзектесіп жатады, айырмасы – тіркес жүйесіндегі бір немесе бірнеше компоненттері өзге сөздермен алма-кезек ауысып жатуында. Мысалы: өш алу – кек алу; тыныс алу – дем алу; ашуына тию – шамына тию, намысына тию, т.б. Ал синонимдер арасында жалпы мағына жуықтығы болғанымен, бірінде бар компонент екіншісінде ұшыраспайды. Яғни, мәндес фразеологизмдердің компоненттері еш уақытта екі рет қайталанбайды. Мысалы: жаны тырнағының ұшына келу, төбе шашы тік тұру, көзі алақандай болу, тұла бойы түршігу [3].

Қазақ тіліндегі фразеологиялық тіркестерге мыналар жатады: фразалар және идиомалар. Аталған тіркестердің әрқайсысы жеке сөздерден құралып, күрделенген номинатив орайында жұмсалады да, сөйлемнің мағынасымен ортақтасып, экспрессивті эмоциялы бояулармен ауызекі тілінде де жазба тілінде де пайдалынады.

Экспрессивті тұрақты сөз тіркестері әртүрлі көңіл-күйге байланысты айтылады. Мысалы: «іске сәт», «неткен сұмдық» секілді экспрессивті сөз тіркестері әртүрлі жағдайларда қолданыста бар.

Эмоциялық-экспрессивті сөз тіркестерін екі топқа бөлуге болады. Бірінші топқа адамның түрлі көңіл-күй, мінез-құлқын сипаттайтын, жақсы көрумен, еркелетумен байланысты жағымды образдарды атауға болады. Мысалы: «үріп ауызға салғандай», «көзімнің қарашығы», «жан қалқам», т.б. Ал екінші топқа жағымсыз образдарды жатқызуға болады. Мысалы: «құрыған», «сор маңдай», т.б.

Тұрақты тіркестер екі түрге бөлінеді, мысалы: идиомалық тіркестер, фразалық тіркестер.

Идиомалық топқа тұрақты тіркестер құрамындағы сөздердің байланысы мығым болады, олардың тұтас болып тұрғандағы мағыналарына қатысы болмай, мүлде басқа мағынаға ие болады. Мысалы: «қабырғаңмен кеңес» (ойлан, ақылдас), «қой аузынан шөп алмас» (жуас, момын), «салы суға кетіп отыр» (көңілсіз, мұңаю), т.б.

Фразалық топқа жататын тіркестер – тұрақты тіркестердің бірқатар мағынасы оларға қатысып тұрған сөздердің бірі болмаса, бірінің лексикалық мағынасымен байланысады. Мысалы: «таяқ жеу» (соғылу), «бас көтеру» (қарсылық көрсету не білдіру), «жаны ашу» (аяу, мүсіркеу), «есінен шығу» (ұмыту).

Смирницкий ағылшын тіліндегі фразеологизмді фразеологиялық бірлік және идиома деп екі топқа бөледі. Фразеологиялық: get up, fall in love секілді етістіктерді жатқызады. Ал идиомаға ауыспалы, метафоралық мағынада пайдаланатын сөздерді жатқызады. Мысалы: take the bull by the horns- действовать решительно (қазақша сөзбе-сөз аударғанда өгізді мүйізінен ұстау) ал нақты мағынасы «оқиғаны оздырмай бірден қолға алу» [4].

Зерттеуші Н.Н.Амосова фразеологизмдерді – фразема, идиома деп екіге бөлді. Фраземалар – оларды құрап тұрған компоненттерден туады. Фразема В.В.Виноградовтың фразеологиялық бірліктеріне сәйкес келеді. Мысалы: beef tea, крепкий мясной бульон, қою майлы сорпа, knit one's brows, нахмуриться, кеудесін қақты (жақтырмай қарады). Идиомалар құрамындағы сөз мағынасынан ауытқиды. Мысалы: play with fire играть с огнем, отпен ойнау [5].

Зерттеу нәтижелері және оларды талқылау: Ағылшын тілін зерттеу Ресейде және біздің елімізде де кең тарады. Тілдегі фразеологияны терең білмейінше тілді жақсы білу, соның ішінде ағылшын тілін жақсы меңгеру мүмкін емес. Фразеологияны білу адамға публицистикалық, көркем және заң әдебиеттерін оқуда жеңіл түсінуге жол ашады. Сөйлесу барысында фразеологизмдерді орынды қолдана білу, сөйлеу тілін барынша идиомаландыруға мүмкіндік береді.

Сөзбе-сөз аударылмайтын, ал мағыналық тұрғыдан қабылданатын фразеологиялық тіркестердің көмегімен тілдің эстетикалық аспектісі күшейеді. Идиомалардың көмегімен, түрлі-түсті бояулардың көмегі сияқты тілдің ақпараттық аспектісі біздің өміріміздің, әлеміміздің сезімдік-интуитивтік сипатымен толықтырылады.

Фразеологияның лингвистикалық пән ретінде дамуын тежейтін себептердің бірі терминологияның шатасып жатқандығы, яғни тіл білімі саласында бірыңғай терминдердің болмауынан деуге болады. Фразеологияның негізгі ұғымдарының жеткілікті зерттелмеуі әрине көптеген терминдерді тудырады, олардың көпшілігі бір-бірімен мәндес, яғни синоним болады да, көпмағыналылыққа ұрынады, ал кейбіреулері тіпті термин деп атауға болмайды, себебі олар нақ емес.

Фразеологизмдер, өзара байланысты тұрақты тіркестер ретінде, тіпті кейде тұтас сөйлем түрінде, әдетте толықтай, кейде жартылай ауыспалы мағынаға ие болады. Фразеологизмдердің негізгі ерекшелігі, көптеген қазіргі зерттеушілердің пікірінше, мазмұн жоспарының мағына жоспарына үйлеспеуінен туындайды, бұл фразеологиялық бірліктің ерекшелігін анықтайды және оның мағынасына тереңдік пен ыңғайлылық жасайды. Бұл мүмкіндіктердің тамыры негізінде фразеологизмдердің табиғатында – тұйықталған микроконтекстінде, бұл жерде тек мағына жоспары мен мазмұн жоспарының арасында жүзеге асырылып қана қоймайды, сонымен қатар осындай белгі, ассоциативті-семантикалық, яғни микроконтекстің өзінен алынған белгілерге қатысты болуы мүмкін. Осындай тереңдік фразеологизмге күрделі құбылыстар мен шынайылық қарым-қатынастарын толық, кең әрі ажарлы формада болуға жәрдемдеседі.

Фразеологизмдер қарым-қатынаста маңызды орынға ие, бұлар мағынаны анықтауға бірнеше мән береді: олар айтылымды (мәтінді) барынша эмоционалды бояуға еніп, оған әр беріп, ажарландырып, белгілі бір жағдайда эстетикалық қабылдауға мүмкіндік жасайды, соның нәтижесінде қандай да бір мәдени ассоциацияны орнатады. Көп жағдайда фразеологизмдер мәтіннің мәртебесін көрсетуге қызмет етеді (әңгімелесуші, айтылым тақырыбы, коммуникацияға қатысушылар арасындағы қарым-қатынас және т.с.с.).

Қоғамдық-саяси фразеологиялық бірліктерді бірнеше топқа бөлуге болады, бұл фразеологизмдердің жалпы тобына байланысты. Профессор В.В.Виноградовтың жіктеуіне сүйенсек, фразеологиялық бірліктер фразеологиялық өсінділерге, фразеологиялық бірліктерге және фразеологиялық тіркестерге бөлінеді [2]. Ғалым Е.Ф.Арсентьеваның ұстанымына сәйкес фразеологизмдер ағылшын және орыс тіліндегі фразеологиялық баламалылыққа сәйкес топталады. Оның топтауына қарай фразеологиялық бірліктер келесі түрлерге бөлінеді: ағылшын-орыс фразеологиялық баламалары, ағылшын-орыс фразеологиялық аналогтары, баламасыз фразеологиялық бірліктер [6].

Ғалым А.В.Куниннің ағылшын-орыс фразеологиялық сөздігі туралы зерттеуі бойынша қоғамдық-саяси терминдер негізінде жасалған ағылшын тілінде өте көп. Бұл ең алдымен Ұлыбританиядағы қоғамдық-саяси ғылымдардың қоғамдық маңыздылығымен және өзектілігімен түсіндіріледі, осыған орай қоғамдық-саяси терминология ағылшын фразеологиясының сүйікті аспектісі болып табылады [7].

Ағылшын қоғамдық-саяси фразеологиясында көптеген римдік құқықтық фразеологизмдер кездеседі, бұлар Англия және басқа да Еуропа елдеріне ежелгі дәуірден бері (Рим құқығы рецепциясы) еніп кеткен.

Шығу тегі жағынан құқықтық фразеологизмдерді басты үш топқа бөліп жинақтаған:

Құқық саласын қамтитын латын тілінен енген фразеологизмдер:

1) add insult to injury – жаңа реніш туғызу (этимологиясы жағынан латын тіліндегі Injuriae qui addideris contumeliam.)

2) Caesar is wife must (немесе should) be above suspicion – «Цезарьдің әйелі күмәннан тыс болуы керек» (Юлия Цезарьдің неге әйелі Помпеямен ажырасқандығы туралы түсініктемесі) фразеологизм Caesar is wife деген фразеологизмге негіз болды, яғни «күмәннан тыс адам» (тура мағынасында «Цезарьдің әйелі»).

3) punish – жазалау латын тілінде poena dare – жаза беру.

Ағылшын тілінде бұрыннан кездесетін құқықтық фразеологизмдер:

1) Put smb. in the cart – біреуді қиын жағдайда қалдыру (cart сөзі арқылы қылмыскерлерді жазалау орнынан апаратын немесе қала ішінде масқаралап жүруге арналған арбаны атаған).

2) well hanged (немесе hung) for a sheep as a lamb – «егер қой үшін дарға асылатын болсам, неге қозыны да ұрлап алмасқа» (көне ағылшын заңының үзіндісі, бұл бойынша қой ұрлау дарға асу арқылы өлім жазасына кесілетін болған).

3) Fools rush in where angels fear to tread – «ақымақтар періштелер аяқ басуға қорқатын жерге қарай жүгіреді», «ақымақтарға заң жүрмейді».

Қорытынды: Фразеологиялық кірме сөздер фразеологиялық түбірді дамытады және коммуникация мүмкіндіктеріне жол ашады. Мектеп қабырғасында өтілген тақырыптарға сай фразеологизмдер кездесіп жатады, немесе сол тақырыпқа сәйкес тұрақты тіркестерді жинақтап, сабақ барысында қолданып жүрмін. Мысалы 11 сыныптың «Жұмыс және ақша» тарауында төмендегідей фразеологизмдермен жұмыс жасаттым. Get the ball rolling .

- Initiate action /Әрекет етпей берекет болмас/

1. He is meeting himself coming and going.

- He is busy that he has no time to rest or recuperate.

/ Мұрынан шаншылу; Қолы тимеу /

2. Tip (turn) the scales.

- To solve the problem. / Қол жалғау - көмектесу /

3. Be on the rocks.

- Have difficulties. / Маңдайы күнге күйю - қиналу/

4. Be out of the wood.

- Be well, Ok again. / Төрт аяғынан тік тұру; Қалпына келу/

5. Be well of.

- Be rich, wealthy. / Жалғанды жалпағынан басу; Молшылықта

өмір сүру/

6. Get somebody in a box.

- Be poor, have no money. / Қысқа қол; Жетіспеушілік/

7. Money doesn`t grow on trees.

- Without work, no money. / Оңай жерде олжа жоқ/

8. By doing nothing we learn to do ill.

- No work makes a man lazy-bone.

/ Тамағы тоқтық, жұмысы жоқтық, аздырар адам баласын./

Алайда оқу барысында фразеологизмнің мағынасын тіл үйренушілер бірден түсіне алмайды. Оның жоғарыдай атап көрсеткендей құрылымдық сипаты, бір сөздің астарлы мағынаға ие болуы, т.с.с. десекте жоғары сынып оқушыларымен жұмыс жасап, бір ізге түссе де, әлі де көп жұмысты қажет етеді. Ол үшін тіл маманы өзі фразеологизмнің түрлерін, сипаттамалары мен топтарын жақсы меңгеру қажет. Көп ізденіс жұмыстарын жасау арқылы, нәтижеге жете алады.

Әртүрлі дереккөздерді ақтара отырып, көптеген фразеологизмдерді табуға және оларды әртүрлі топтар бойынша топтастыруға болады. Дегенмен де фразеологизмнің түрі мен құрылымын біліп қою аздық етеді, сонымен қатар оның қолданылу ерекшелігін де білу қажет. Ағылшын және қазақ тілдеріндегі фразеологизмдердің қалыптасуына екі ұлттың өзіндік тарихи, рухани және материалдық мәдени дәстүрі негізгі себеп болған.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Мықтыбаева Т.Ж. Қазақ және ағылшын тілдеріндегі анималистік фразеологизмдердің коннотативтік семантикасы. – Алматы, 2005. - 10.02.20. автореферат. -132 б.

[2] Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы, 1998. -128.

[3] Кеңесбаев І. Қазақ тілі фразеологизмдерінің сөздігі. - Алматы, 1977. -356 б.

[4] Смирницкий А.И. Лексикология английского языка. – М., 1956 – 260 с.

[5] Амосова Н.Н. Основы английской фразеологии. Ленинград, – 1963. -63 с.

[6] Сайранбаев Т. Қазіргі қазақ тіліндегі күрделі тіркестер. - Алматы, 1981. -197 б.

[7] Кунин А.В. Курс фразеологии современного английского языка. – 2005. -479 с.

[8] Қожахметова Х.К. Фразеологизмдердің көркем әдебиетте қолданылуы. - Алматы, 1972. – 112 б.

МРНТИ 16.21.21

Г.Көбденова¹, Ә.Сейтбатқал², Б.Ешметова³

¹Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының аға ғылыми қызметкері, ф.ғ.к. Алматы қаласы, Қазақстан

² Ахмет Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының кіші ғылыми қызметкері, магистрант, Алматы қаласы, Қазақстан